

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Көрнекті ғалым, профессор, көсемсөзші, түркітанушы
Марат Кәрібайұлы Барманқұловтың 75 жылдық мерейтойына
арналған Барманқұлов оқулары аясында

**«М.БАРМАНКУЛОВ – ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ
ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН
ТӘЖІРИБЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ»**

атты Республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

27 қараша 2012 жыл, Алматы

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции
Барманкуловские чтения

**«М.БАРМАНКУЛОВ – ОСНОВАТЕЛЬ ТЕОРИИ
И ПРАКТИКИ ТЕЛЕВИЗИОННОЙ
ЖУРНАЛИСТИКИ КАЗАХСТАНА»**

посвященной 75-летию со дня рождения ученого,
профессора, публициста,
тюрколога Марата Карибаевича Барманкулова

Алматы, 27 ноября 2012 года

MATERIALS

Republican Scientific-Practical conference

**'M. BARMANKULOV IS A FOUNDER OF THE THEORY
AND PRACTICE OF THE TV JOURNALISM'**

dedicated to the 75th anniversary of scientist,
publicist and scientist of Turkic studies

Marat Karibaevich Barmankulov in the context of Barmankulov readings

Almaty, 27th of November, 2012 year.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Көрнекті ғалым, профессор, көсемсөзші, түркітанушы
Марат Кәрібайұлы Барманкүловтың 75 жылдық мерейтойына
арналған Барманкүлов оқулары аясында

«М. БАРМАНКҰЛОВ – ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ
ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН
ТӘЖІРИБЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ»

атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

27 қараша 2012 жыл, Алматы қ.

* * *

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции
Барманкуловские чтения

«М. БАРМАНКУЛОВ – ОСНОВАТЕЛЬ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ
ТЕЛЕВИЗИОННОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ КАЗАХСТАНА»,

посвященной 75-летию со дня рождения ученого, профессора, публициста,
тюрколога Марата Карибаевича Барманкулова

г. Алматы, 27 ноября 2012 года

* * *

MATERIALS

Republican Scientific-Practical conference

'M. BARMANKULOV IS A FOUNDER OF THE THEORY
AND PRACTICE OF THE TV JOURNALISM'

dedicated to the 75th anniversary of scientist, publicist and scientist of Turkic studies
Marat Karibaevich Barmankulov in the context of Barmankulov readings

Almaty, 27th of November, 2012 year

Алматы
«Қазақ университеті»
2013

Ғылыми редактор:
ф.ғ.д., профессор **Әбдиманұлы Ө.**

Жауапты редактор:
с.ғ.д., профессоры **Сұлтанбаева Г.С.**

Жинақ хатшылары:
Есқуатова Н.Б., Байғожина Д.Ө.

Редакция алқасының мүшелері:

Тұрсын Қ.Ж., филология ғылымдарының докторы, профессор, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі; тарих ғылымдарының докторы, профессор, *Қозыбаев С.Қ.*; тарих ғылымдарының докторы, профессор, *Ахметова Л.С.*; филология ғылымдарының докторы, профессор *Нұрғожина Ш.Ы.*; тарих ғылымдарының докторы, профессор, *Барлыбаева С.Х.*

Көрнекті ғалым, профессор, көсемсөзші, түркітанушы **Марат Кәрібайұлы Барманқұловтың** 75 жылдық мерейтойына арналған Барманқұлов оқулары аясында «М. Барманқұлов – Қазақстан телевизиялық журналистикасының теориясы мен тәжірибесінің негізін қалаушы» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, 27 қараша 2012. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 184 б.

ISBN 978-601-247-838-9

Жинаққа көрнекті ғалым, профессор, көсемсөзші, түркітанушы **Марат Кәрібайұлы Барманқұловтың** 75 жылдық мерейтойына арналған Барманқұлов оқулары аясында «М. Барманқұлов – Қазақстан телевизиялық журналистикасының теориясы мен тәжірибесінің негізін қалаушы» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілді.

ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ШЕЖІРЕШІ-ЖАРШЫСЫ

Өркениет – адамзат құрған игілік пен жақсылықтың ошағы. Әлемде әр елдің, әр ұлттың, әр халықтың өткені бүгінге – сабақ, ерт еңге – жол. Осы сабақты үйреніп, әрі оны шәкірттеріне үйрете білген, осы жолға дара да даңғыл із сала білген ғалымдар қатарында Марат Кәрібайұлы тұр. Ғалымның салған жолы сан тарау. Ол камерасы мен қаламын қару еткен журналист те, заманына көсем сөзін айтқан публицист те, тарихты таразылаған шежіреші де, елін ертеңін айтып кеткен жаршы да бола білген дара да дана тұлға. Түркілердің квадронациясы идеясын алғаш айтқан ғалым Марат Кәрібайұлының түркітану саласына қосқан еңбегі ересен. «Қазіргі заманғы футурологтардың арасындағы квадронация» еңбегі оның түркітану саласындағы зерттеулерінің қорытындысы, тұжырымдамасы іспетті. Профессор «Квадронация» еңбегінде аталмыш ұғымға тарихи және саяси мән береді. Адамзат жетістіктерінің синтезі ретінде квадронация ұғымы былайша қарастырылады. Көне үнді-гректер, үнді-скифтер қалайша бір-бірімен тығыз байланыста болды, біріне-бірі қалайша сіңісті, бір ортаға қалай айналды? Міне, квадронациялау ұғымының төркінін ғалым тарихтың осы кезеңінен іздейді. Түркілер мен ауғандардың бір кездері үнді тағында мықты одақ болғанын дәлел етеді. Бұл одақты «ассимиляция не индианация» үдерісі өзіне баурап әкеткенін шежіре етті.

Синтез мәселесін халықтар рухынан құралған жауһар тәж деп санаған ғалым, оны жетістіктер мен озық ойдың, өнімді еңбектің алуан түсті кемпірқосағына теңеді. Низами шайырдың поэмаларындағы мадақтан тұратын түркі тақырыбы сидтіктер тілінде – әдебиет пен поэзияның тілінде жазылғанын арқау еткен ақынның араб тілін ғылымы мен дін тілі ретінде қабыл алғанын, грек тілін философия тілі ретінде жақы тұтқанын – синтез деп таныды. Түркілердің алдында барлығынан озық болу үшін де өзінің қолындағыны беру керек болды. Міне, бұл – түркілер күткен синтез еді. Тарихтың сахнасына келген Үнді императоры Акбар түрік, балалары Жаһангер мен Шах жаһан келді. Әлемде, нақтысы Францияда Версаль салынып жатқанда Аграда Тәж-Махал мавзолейі бой түзеді. Бұл әлемдегі жаңа архитектураның өн бойына үнді идеалдары, парсы өрнектері, түркі армандары қосыла өрілген болатын. Француз ғалымы Груссе бұл керметті: «Үнді денесіндегі Иранның жаны», - деп теңеді. Көсемсөзші-тарихшы ғалым әлемнің кереметін дүниге әкелген рухты да синтезге телиді. Ғалым көсемсөзбен жеке-дара сипаттап, шежіремен баяндап берген тарихтардың астарында бүкіл шығыс мәдениеті, өркениетінің эволюциясы жатыр. Ол шығыстың дамуын батыстан бөлек қарастырмайды. Керісінше, бұл екі әлем екі жарты бір бүтін құрып, өркениеттің тас қамалын, асыл армандарын құрғанын баян етті.

«Газнилер арманында» Үнді елінде түркілердің адамзаттың озық жеістіктерінің храмына айналдарған Махмұд сұлтанды, «Квадромемлекеттер ішіндегі билингвтер» хикаятында симбиоз-мемлекеттер құру – түркілердің асыл арманы болғаны баянға айналады. Моңғолдар жерін билеген Иван хан тарихынан Шыңғыс хан тарихына дейін шежіре түзіліп шыға келеді. Бұл Марат Барманқұловтың тарихты көсемсөз тіліне айналдырғанын, сандармен емес адамзат жетістіктерінің амплитудасы ретінде сипаттайды.

Соның ішінде көне түркі тілінің шығу төркіні жайлы да ғалым қызық тұжырымдар келтіреді. Мәселен, семейлік және үндіарийлік тілдер біріге келіп, көне түркі тілі – эламиттер тіліне негіз болды дейді. Ахмеинидтер мемлекетінде Иран аумағындағы ресми тіл осы – эламит тілі болған-ды. Бұл – б.д.д. VI-IV ғғ. еді. Көне және ежелгі элам-аккайда қарым-қатынастары арасындағы синтез б.д.д. XXIV-XXVII ғғ. пайда болды. Бұның дәлелі ретінде ғалым үш түрлі жағдайды баян етеді. Аккайдалықтар жазбаларындағыдай эламиттердің тілінде желілік буындардың қолданылуы, ынтымақтастық туралы шарттың болуы, сосын билингвтер. Элам және семиттіктер тілін синтезі, элам және парсы тілдерінің Александр Макендосний дәуірінде өшігені осы түспен пара-пар.

Түркі халқы ақылды келді дейді ғалым. Түркілер істің адамы. Түркілер ақылы олардың адам мүддесін жоғары қоймастан, адамзат тіршілігін әспеттеп, болашақты қамдаудан деп санады ғалым хикаяттарында. Түркілер адамзаттың барлық кереметтері мен жетістіктерін құшағына алып, әспеттеуі олардың әдебиетінде, поэзиясында, фольклорында көрініс тапқанынын зерттеуші-ғалым оның дәлелін «Түркістандық тірек» циклдык мақалаларына арқау етті. Бұл цикл «Қорқыт: «Әлем - менікі» дейтін мақтаншақтар қайда?», «Қайырымды қала Фараб», «Алыммен араласқан жасыл қала – Қашғари плюаризмі?», «Баласағұн: шектеуді білмейтін екі айбынды әкім: жақсы сөз және игі іс!», «Хорезм үшін Арқан Күдердің мәні? неде», «Елді қалай гүлдендіруге болады? Сайф Сараидің түркілік нұсқасы» аталатын мақалалардан тұрды.

Ғалым Қорқыт ата күйінен әлемді бағындырған күш пен рухты көрсе, қайырымды қалада туған Фараби ғұламаның өмірінен сыр шертіп, Шығыс грек ойшыларын Еуропа үшін сақтаса, Еуропа елдері оның ғасырлар бойы естен шығарған деген ойын айтады. Мұсылмандық шығыс Батыс идеяларын дамытты, адамзатқа қайтарды. Түркі тілдерінің энциклопедиясын жасап кеткен Махмұт Қашғариді түркі әлемінің ғұламасына теңейді. Жүсіп Баласағұн адамзатқа «Құдатғу білікті» сыйға тартты. Орхон-Енисей жазбалары жайлы сөз етілген поэманың құны өлшемсіз. Міне, ғалым осы түркі тілі жазбасына жаңа бағыт әкелген еңбекке баға береді. Араб графикасының дамығанына қарамастан түркі мәдениеті беріле қоймады дейді ол. Поэма түркі ғұламаларының өзіндік болмысы мен көпғасырлық дәстүрін сақтай отырып, кез-келген тілде туынды жаза алатына, жаңа дәуір мәдениетіне ене алатынына куә.

Хорезмидің туындысы, шығыстың махаббат жыры саналатын «Махаббат-наме» поэмасын - ғылым, дін, еркін ойлаудың, поэзия, астрономия, географиялық танымның, қала өмірі, сән, халықтар мен нәсілдер теңдігінің синтезі деп санады ғалым.

Шығыс поэзиясының жарқын өкілі – Сайф Сараидың «Түркілер гүлстаны» еңбегін әділдік, адалдық, рахымшылық, гуманизм, сыпайылық, қанағатшылықты паш етеді деп жазды тарихшы. Шығыс мәдениетін байытқан, шығыс ренессансын дүниеге әкелген еңбектерден терең философия, адамгершілік әліпбиін іздеген зерттеуші өзі де таңдана, өзгені де таң қалдырарлық көсемсөзбен шежіреледі. Еңбектер бүгінгі күні, ақпарат пен технология дамып, қарыштап қадам басып келе жатқан дәуірде де құнын жоймады. Сонау түркі әлемінен жеткен көне шежіреге жаңа дем, жаңа рух берген дүниелер. Сондықтан М. Барманқұловты түркі әлемінің заманауи жаршысы, адамзат құндылықтарынан құралған түркілік арманның жоқшысы деуге болады.

Орта ғасырдағы түркілер қалай, қайтіп өмір сүргені ғалымның келесі топтамасына арқау болды. Ол «Түркілер ғұламасы және әлем ақылы» деген цикл. «Қытай-түрік», «Ғұндар мен түркілер қағанаты», «Византия және түркілер», «Үндістан және көне түркілер», «Шыңғысхан империясы және түркілер», «Ресей және түркілер», «Израиль және түркілер», «Корея және түркілер», «Сеулден Стамбулға», «Франция және түркілер», «Грекия және түркілер», «Испания және түркілер», «Дания және түркілер», «Жапония және түркілер», «Италия және түркілер», «Хазарлар және болгарлар», «Венгрия және ғұндар», «Литва және ноғайлар», «Египет және мамлүктер», «Иран және эламиттер», «Англия және сақтар», «АҚШ және қазақтар», «Квадродіндер», «Заростризм және түркілер», «Буддизм және түркілер», «Манизейлік және ұйғырлар», «Мұсылмандық және түркілер», «Суфизм және түркілер», «Христіандық және кирейіттер», «Католицизм және қыпшақтар», «Квадроқазақтар» аталатын еңбектердің барлығында ғалым түркі әлемінің озы ойларын іздестіреді. Ол түркілерді әлемнің бір бөлшегі деп қарастырады. Адамзат құрған өркениетке түркі мәдениеті, діні, әдебиеті қосқан қолатқаны іздейді. Асылдың сынығын алыптардан, ғайыптардан іздейді. Сондықтан да ғалым-ұстаз Марат ағаның әлемі – бұл әлеммен егіз. Ол өмірінің соңғы жылдары түркітану ғылымына өндіре де, өсіре еңбек етті. Бұл бағыттағы зерттеуге журналистік көзқараспен, көсемсөздік стильмен түрен салды. Әрбір еңбегінде өз ұлтына, өз халқына деген қамқорлық пен ізгілікті өсиет етіп кетті. Квадромемлекетте әр халық жалпыға ортақ бір басымдықты ұстанады. Оның басты жетістігі де сол бұл бәрін бірдей, бәріне ортақ. Ең озығы, ең асылы, ең прогрессивті дүнросы ортақты құрайды дейді көреген ғалым. Бірде бір халық басқыншы болмауы керек. Тек қана ең үздік сапа ғана басымдықта болса жеткені. Бір халықтың емес, бүкіл халықтың ең озық ойы, ең биік арманы бірігіп басым болуы керек деп кетті.

Квадронация моделі әлі де қалыптаспады. Ол назарға ілінбеді. Футурологтар оны ескермеді. Дегенмен оған әруақыт орын табылды. Тек түріктерде ғана емес. Бүкіл әлемде. Ғасырлар ғана бұған үн қосты. Және бұл дәл қазір орындалуы мүмкін деп санады ғалым. Кім білсін, ғалым болжағандай ХХІ ғасыр ғаламда квадронация, квадромемлекет ғасыры болар ма? Мультимәдениетті, көпұлтты елдердің мүдделес болуы, бірін-бірі дамыта, бірін-бірі байыта түсуі тек ғалым айтып кеткен болжамдар болмай уақыттың еншісінде болғай.

1. Возжигая пречистые огни... – Алматы: БИС, 2004. – С. 28-29.

2. Барманкулов М. Хрустальная мечта тюрок о квадронации. – Алматы: ОФ БИС, 1999. - 416 с.

ния в РК на 2008-2015 годы. На ее реализацию потребуется выделение средств из республиканского бюджета, а также внебюджетных источников: прямых отечественных и иностранных инвестиций.

В настоящее время в стране активно развивается рынок мобильной телефонии, уровень проникновения сотовой связи в 2011 году составлял 104%, а в 2012 году было 24 млн.пользователей (население Казахстана на июль 2012 г. составляло -16,8 млн. жителей). Происходит бурный рост пользователей сети Интернет в Казахстане. По данным Министерства связи и информации РК на начало 2011 года в стране было 4 млн. 300 тысяч Интернет-пользователей, к началу 2012 Интернет-пользователей в Казахстане стало уже 8,7 млн.[5]. К сентябрю 2012 года пользователей Интернет в республике достигло 9,4 млн. человек.

Существенным фактором, определяющим использование ИКТ в Казахстане, является специфика страны с его огромными расстояниями, наличием труднодоступных, удаленных районов с малой плотностью населения, а также различиями в уровне экономического развития областей республики. Новые социально-экономические, технологические условия требовали нового механизма для координации информационно-коммуникационного развития в стране. Необходим был новый подход, в основе которого лежали интересы людей, а основное внимание уделялось бы социальным, культурным, экономическим и управленческим целям. Этот подход обеспечил использование интеллектуального потенциала и богатого опыта граждан республики в качестве движущей силы развития информационного общества - общества знаний.

1. McLuhan M. Understanding Media. The Extensions of Man. - London: The MIT Press, 1997. - P.248.
2. Костюк В.Н., Смолян Г.Л., Черешкин Д.С. Об экономическом фундаменте информационного общества // Информационное общество, 2000 – Вып.5 –С. 6.
3. Feldman T. An Introduction to Digital Media. -London: Rout ledge, 1997.- P.21
4. Вартанова Е.Л. Новые проблемы и новые приоритеты цифровой эпохи // Информационное общество, 2002, 21 мая.
5. ТРК «Казахстан» от 10 января 2012 г.

МАЗМУНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

I секция

Профессор М.К. Барманқұловтың ғылыми еңбектерінің өзектілігі және дәстүр жалғастығы Актуальность научных трудов профессора М.К. Барманкулова и преемственность традиций

Әбдіжәділқызы Ж.	
Профессор Барманқұлов тұжырымдары және кәсіби шеберлік	3
Ибраева Г.Ж.	
Профессор М.К.Барманкулов: научное наследие, вклад в теорию журналистики Казахстана	4
Кенжегулова Н.С.	
Особенности древнетюрской культуры в трудах профессора М.К. Барманкулова	8
Нода Л.П.	
Научные предпочтения М.К. Барманкулова	10
Нургожина Ш.И.	
Научное и исследовательское наследие профессора М.К. Барманкулова – основа современного журналистиковедения	12
Сұлтанбаева Г.С.	
Түркі өркениетінің шежіреші-жаршысы	15

II секция

Ақпараттық қоғам жағдайында жаңа медианың дамуы: ұлттық және жаһандық үрдістер Развитие новых медиа в информационном обществе: национальные и глобальные тенденции

Ахметова Л.С.	
Социальные сети: история и опыт работы	17
Мысаева Қ.	
Журналистік білім беруде интернет технологияларды қолдану және оқытудың әдіс-тәсілдері.....	21
Барысова Л.С.	
Журналистика независимого Казахстана	23
Мэтякубов А.Д.	
Журналистика в сфере социальных сетей	26
Ормаханова Е.	
Развитие новых медиа в информационном обществе: их применение в развлекательном секторе телевидения	29
Рахимжанова Г.	
Особенности и опыт e-learning как метод дистанционного обучения (на примере MDP/Global Classroom КазНУ им.аль-Фараби)	31
Турегельдиева Айгерім	
Халықтың көші-қонын реттеудегі құқықтық процестер.....	34
Құрманбаева Алмагүл	
Қазақ даласының алғашқы баспасөз қарлығаштары	37

III секция

Қазақстандағы телекоммуникация индустриясының дамуы: мобильдік телефония, интернет-пайдалану, коммуникациялық желілер және қызметтер Развитие телекоммуникационной индустрии в Казахстане: мобильная телефония, интернет-сервис, коммуникационные сети и службы

Велитченко С.Н.	
Культурно-коммуникативные функции современного ТВ.....	40
Данабаев К.	
Анализ современной ситуации телекоммуникационного, ит, интернет и мобильного рынка Казахстана	43
Дергач Н.М., Бердигожина З.Ш.,	
Электронные образовательные средства в процессе формирования исторического мышления	46
Каримов А.А.,	
Роль электронных СМИ в развитии национальной культуры (на примере ток-шоу)	48

IV секция

Қазақстандағы интернет-медианың дамуы: өзекті проблемалары
Развитие интернет-медиа в Казахстане: актуальные проблемы

Есхуатова Н.Б.	
Проблемы подачи информации в интернет-изданиях Казахстана.....	51
Данабаев Р.	
Освещение электронными СМИ изменения общественного мнения к военным действиям в Афганистане	53
Ложникова О.П.	
Работа тележурналиста в информационной программе.....	54
Жақсымбетова С.	
Баспасөз беттеріндегі Ж.Аймауытовтың шығармашылық тұлғасы.....	57
Омарова Б.Ә., Әбдиева Р.С.	
ЖОО электрондық оқулықтарды дайындау тәсілі және пайдалану тиімділігі.....	60

V секция

Сандық хабар тарату кезеңінде электрондық журналист мамандарын
даярлаудағы жаңа талаптар мен міндеттер

Новые вызовы и задачи в подготовке электронных журналистов в период цифрового вещания

Mukanova G.K.	
International relations in central Asia On-line, in the light of the internet	65
Муминов Ф.А.	
Метаморфозы журналистики как четвертой власти: приобретенный и потерянный рай.....	66
Муминова Ф.И.	
Европьюс как региональная и глобальная новостная телесеть	68
Медеубекұлы С.	
Баспагер-редактор құзыреттілігінің кәсіби негіздері	70
Мусинова А.А.	
Екпін - новый проект блог-платформы your vision.....	72
Мырзагулов М.М.,	
Трансформация кыргызской медиа сферы в контексте демократической модернизации общества.....	74
Николаева О.И.,	
Сандық телевизияның тарихы мен қазақстан аймағында дамуы	76

VI секция

Электронды бұқаралық ақпарат құралдарының өркеніет пен мәдениет дамуындағы қызметі
Роль и место электронных средств массовой коммуникации в развитии цивилизации и культуры

Айдарова Ж.	
БАҚ-та діни тақырыптардың жариялануы	79
Баймолда Д., Е.Көпжасарұлы	
Жаңа форматқа көшкен «Шалқар» радиосы	81
Кундахбаева А.Т.,	
Национальная тематика столичных СМИ	82
Байтерекова Л.,	
Аудиовизуальные СМИ в жизни молодежи.....	84
Насимов М.Ө.	
Бұқаралық ақпарат құралдарындағы саяси жарнама мәдениеті.....	87
Өзбекова Г.С. Байзақова А.	
Намазалы Омашев – радиожурналистика зерттеушісі	90
Сагандыкова А.Е.,	
Международная система регулирования межконфессиональных отношений	91
Әбдиева Р.С.	
Кітаптағы мазмұн мен түр диалектикасы жайында.....	95
Салиева М.К.	
На семинар – в национальной одежде	97
Б. Сердәлі	
Телеоператордың жарықпен жұмысы.....	99
Шыңғысова Н.Т.,	
PR құралдарын ұйымдастыру кезеңдері.....	102

Омарова Б.Ә.	
Полиграфиялық басу бояуларының ерекшеліктері мен заманауи жетістіктері.....	105

VII секция

Мультимедиа – азаматтық журналистиканың негізі
Мультимедиа – основа гражданской журналистики

Тоқбергенова Д.	
Мультимедиа – азаматтық журналистиканың негізі	110
Жұртбай Н.Т.	
Баспасөздің жеткіншектерге экологиялық тәрбие берудегі орыны туралы республикалық «Ұлан» газетінде жарияланған жарияланымдары бойынша	111
Esenbek Zh.B.	
The comparative investigation of pr activities of the united states and Kazakhstan.....	115
Shamsharkhan R.	
Scientific potential of kazakhstan as a developing country	118
Негизбаева М.О.	
Роль PR в формировании корпоративной культуры	123
Ошанова О.Ж., Әуелханұлы М.	
Қытай орталық телевизиясының бүгінгі келбеті мен даму бағыттары.....	125
Виноградова С.М.	
СМИ и международные организации: взаимодействие и взаимовлияние	127
Алғалиева Г.С.	
Қазақ баспасөзі және әдеби сын Түркияға барған сапардан түйген ой	130
Бегниязова К.	
«Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «жаналықтар» бағдарламасының өзіне тән ерекшелігі	132
Капырина Т.А., Метликина Л.С.	
Современные аспекты преподавания в системе филологического образования.....	135
Шындалиева М. Б.	
Қазақстандағы редакциялық менеджментінің дамуы	137
Ахметова М.	
«Халық кеңесі» газетіндегі халықтық мәселелердің көтерілуі.....	139
Мельник Г.С.	
Современный медиатекст в гендерном измерении.....	144
Қиялова Д.	
Тәуелсіздік тірегі – ұлттық идеологияны қалыптастыру	145
Мухамадиева Л.И.	
Литературный язык, как искусство	147
Сұлтанбаева Г.С., Сұлтанбаева Ә.С.	
Еуразиялық мәдени кеңістіктің қалыптасуы, бүгінгі мен болашағы.....	151
Спанқұлова Л.С.	
Әлеуметтік-экономикалық шарттар және жастардың репродуктивті әрекеті	153
Хубецова З.Ф.	
Российские СМИ в условиях внутривнутриполитического кризиса: от воздействия к взаимодействию	155
Шматков Р.Н.,	
Роль отечественных СМИ в формировании государственной идеологии качества образования.....	156
Масанов Е.Ж., Алибаева И.Н.	
Медиа-мәдениеттің әлеуметтік қыры	158
Өзбекова Г.	
«Ақиқат» журналының даму жолдары	161
Зейне Оразбекова, Илхан Иылдырым	
О роли невербального общения в межкультурной коммуникации.....	164
Ш.С.Нұржанова, Камиля Түсіпова	
Журналистика және PR жаңалықтар: оларға тән ортақ сипаттамалар мен ерекшеліктер	167
Жаназарова З.З., Ильясова Эльмира	
Бала тәрбиесіндегі ислам дінінің қағидаттары	169
К.С.Мамырова	
Сарыарқа азаттық аңсаған елдің үні	171
Байгожина Дана	
"Егемен Қазақстан" газеті - билікпен қарым-қатынас құралы ретінде.....	174
Барлыбаева С.Х.	
Казахстанские информационно-коммуникационные технологии как платформа в формировании интеллектуального общества.....	178

газетно-журнальную продукцию и многое другое нельзя себе представить без книжно-литературного языка. Функции его огромны и с развитием цивилизации еще более усложняются. Современный книжно-литературный язык - это мощное орудие общения. В нем есть все средства, необходимые для разнообразных целей коммуникации, и прежде всего для выражения абстрактных понятий и отношений. Сложные связи, прослеживаемые учеными и писателями в материальном и духовном мире, описываются научным языком. Устная, разговорная речь для этого не годится: невозможно передавать из уст в уста синтаксически громоздкие тексты, насыщенные специальной терминологией и сложные в смысловом отношении. Свойство книжно-письменной речи сохранять текст и тем самым усиливать способность литературного языка быть связью между поколениями - одно из главных свойств книжного языка.

«Разговорная разновидность литературного языка используется в различных видах бытовых отношений людей при условии непринужденности общения. Разговорную речь от книжно-письменной отличает не только форма (это устная и притом преимущественно диалогическая речь), но и такие черты, как неподготовленность, незапланированность, самопроизвольность, непосредственность контакта между участниками общения» /4/.

Разговорная разновидность литературного языка, в отличие от книжно-письменной, не подвергается целенаправленной нормализации, но в ней есть определенные нормы как результат речевой традиции. Эта разновидность литературного языка не столь четко членится на речевые жанры. Однако и здесь можно выделить различные речевые особенности - в зависимости от условий, в которых происходит общение, от взаимоотношений участников разговора и т. п. сравните, например, беседу друзей, сослуживцев, разговор за столом, разговор взрослого с ребенком, диалог продавца и покупателя.

Язык художественной литературы иногда ошибочно называют литературным языком; некоторые ученые считают его одним из функциональных стилей литературного языка. Однако в действительности для художественной речи характерно то, что здесь могут использоваться все языковые средства, и не только единицы функциональных разновидностей литературного языка, но и элементы просторечия, социальных и профессиональных жаргонов, местных диалектов. Отбор и употребление этих средств писатель подчиняет эстетическим целям, которых он стремится достичь созданием своего произведения.

В художественном тексте разнообразные средства языкового выражения сплавляются в единую, стилистически и эстетически оправданную систему, к которой неприменимы нормативные оценки, прилагаемые к отдельным функциональным стилям литературного языка. То, как в художественном тексте сочетаются разнообразные языковые средства, какие стилистические приемы использует писатель, как он «переводит» понятия в образы и т. д., составляет предмет стилистики художественной речи.

«Литературно-языковая норма и стилистическая норма - это понятия, которые раскрываются в тесной связи друг с другом. Норма языка (языка вообще) - это общепринятое и закрепленное в данное время в данном языковом коллективе употребление языковых средств. С нормой же литературного языка обычно связывают критерий образцовости. Ее определяют как «образцовое применение (употребление) языковых средств», как «способ выражения, закрепленный в лучших образцах литературы и предпочитаемый образованной частью общества» /4/. Литературно-языковая норма - сложное и неоднородное образование, отличающееся от диалектной нормы не только сознательной кодификацией, большей строгостью и обязательностью, но и функционально-стилевой дифференциацией. По существу, литературная норма представляет собой систему норм, варьирующихся применительно к тому или иному функциональному стилю. Общая норма, точнее, общие нормы охватывают, чуть ли не всю морфологию, с ее системой склонения и спряжения (ведь подавляющее число падежных форм имен и местоимений и личных форм глагола вообще не имеет вариантов), многие модели словообразования, модели словосочетаний, многие структурные схемы предложения, наконец, основную часть словарного состава - стилистически нейтральную лексику.

Частные нормы затрагивают преимущественно такие языковые средства, которые имеют языковую стилистическую или речевую функционально-стилевую окраску. В целом частные, функционально-стилевые или стилистические нормы, как верно отмечает Р. Р. Гельгардт, «в отличие от общей языковой нормы, обладают значительно меньшей обязательностью и четкостью границ» /5/.

Таким образом, литературная норма, истоки которой сокрыты в художественном слове, распространяется на все сферы человеческой деятельности. Наиболее выпукло языковая культура проявляется в текстах СМИ. Однако не только с позиций правильности или неправильности речи журналистов. Наличие в СМИ публицистики, своего рода писательской журналистики, привносит в

газетный язык красоту и выразительность Слова, доводя до совершенства выражения чувств и мыслей автора.

1. Виноградов В.В. Проблемы литературных языков и закономерностей их образования и развития. М., 1967.
2. Будагов Р.А. Литературные языки и языковые стили. М., 1977.
3. Голуб И.Б. Русский язык и норма. М., 2004, С. 7.
4. Л. Крысин. Современная литературная норма и ее кодификация. М., 2003, С.3.
5. Земская Е.А. Словообразование как деятельность. / Под ред. Росс. академии Наук. М.: Наука, 1992, С. 47.

Сұлтанбаева Г.С., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Сұлтанбаева Э.С., «Тұран университеті»

ЕУРАЗИЯЛЫҚ МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі гранттық қаржыландыру 1585ГФ «Интеллектуалды ұлттан – интеллектуалды әлеуетке: бұқараға ақпараттық-коммуникативтік ықпал ету технологияларын әзірлеу» жобасы аясында орындалған жұмыстар материалдары бойынша дайындалды

Ақпарат пен білім қоғамында мәдени құндылықтар жаңа сипатқа ие болды. Мәдени кеңістік жыл санап әлем елдерінің шекарасын, дәстүрін, тарихын, саясатын, экономикасын өзгертті. Мәдени құндылықтардың шекарадан өтіп, жалпыадамзаттық игілікке айналғаны жаңа ғасырдың – ақпарат ғасырының жемісі ретінде қарастыру керек.

Ғылыми әдебиеттерде мәдени кеңістік днелогиялық тұрғыдан қарастырылады. Яғни, мәдени кеңістік түрлі мәдениеттердің бірлесе өмір сүруі емес, сондай-ақ олардың диалогиялық әрекеттесу мүмкіндіктерін қарастырады.

Мәселен, ресейлік ғалым В. Назаров Ресейдің мәдени кеңістігі қалыптасуына моңғолдардың ықпалы болғанын айтады. Еуразиялық мәдени кеңістікке енетін, дегенмен де ешбір доминант, яғни бір мәдениеттің бірін жұтып жібермейтіндей мәдениеттің диалогиялық плюаризмінің көрінісі болғандығын дәлелдейді [1].

Сондай-ақ мәдениеттер қаттығысы мәдени кеңістікті коммуникативті кеңістік ретінде тануға көмек берді. Коммуникация хронологиялық деңгейде, мағыналық элементтерімен топологиялық сипатта да орын алатыны рас. Мәдени кеңістік ерекше коммуникативтік универсум. Коммуникация жергілікті мәдениет арқылы сол мәдени диалог арқылы, ерекше коммуниациялық алаң арқылы орын алатыны. Мәдениеттер диалогы мәдени алмасулар емес, сондай-ақ олардың дамуы, бірін-бірі байытуы [2].

Бүгінде мәдениеттер арасындағы диалог өзгеше «өлшемдермен», басқаша коммуникативті-семиотикалық жағдайларда жаһандық коммуникативтік алаң тұрғысында дамып келеді. Мәдени диалогтың мұндай формасы олардың мағыналық сәйкестенуі емес, мәдени диалогты қажет ететін мәдени салаларда өзге мәдениеттің мағыналық және белгілік символдарын өз тілдеріне енгізіп, сіңіріп алуы ретінде танылуда. Мәдени шекара ретінде қарастырылатын жекелеген мәдениеттердің араласу аймағы интеграциялық механизмдер арқылы жүзеге асады.

Сонымен, мәдени кеңістіктің болуы «уақыт»: өткен, бүгін, болашақ шеңберінде, яғни түрлі уақыт аралығында мифологиялық, виртуалды, тарихи, рухани, тұлғалық т.б. түрде орын алатыны рас. Мәдениет уақыттың түрлі өлшемдері аясында өмір сүре отырып, осы кеңістіктің еншісіне айналады. Сонымен, бүгінде мәдениет шекарасы кеңістік тұрғысынан да, уақыт өлшемінен де шектеусіз.

Қазақ мәдениеттану ғылымында диалог, үндестік мәселесі өзекті тақырып, өткір пікіралмасу объектісіне айналып отыр. Көпұлтты да көпдінді зайырлы мемлекет ретінде Қазақстанда мәдени диалог мәселесі бұқаралық коммуникативтік кеңістіктегі көп қозғалатын тақырып.

Мәдениеттанушы ғалым А. Құлсарейва: «Диалог мәдениетінің үлгісін бүгіндері саяси жоба ғана болудан қалып, нақты өмірдің шындығына айналып үлгерген Еуропалық Одақ көрсетіп отыр дей аламыз. Өйткені бүгінгі таңда аймақтық типтегі жаңа қауымдастыққа нөқта болған біртұтас еуропалық өркениеттің іргетасы қаланды.

Ендеше, азаматтық сана-сезімнің естиярлығы, пісіп-жетілген сатысында тұрған, тамырын тарихтың терең қойнауынан тартқан тағылымы мол жұрттардың тәжірибесіне қарап өсу біздің өскелең қазақ өркениетінің болашақ гүлденуінің, әлемнің озық дамыған елдерімен терезесі теңдес болып, үзеңгі тиістіруінің бір кепілі», - деген ойын білдіреді [3].

Ғылыми басылым

Көрнекті ғалым, профессор, көсемсөзші, түркітанушы
Марат Көрібайұлы Барманкүловтың 75 жылдық мерейтойына
арналған Барманкүлов оқулары аясында

«М. БАРМАНКҮЛОВ – ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ»

атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

27 қараша 2012 жыл, Алматы қ.

ИБ № 6291

Басуға 27.02.2013 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 355. Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

Біздің ел мемлекеттігін құрып отырған, қазақ халқының мәңгілік отанына айналған еуразиялық кеңістікте қазақ мәдениеті мен өркениетінің орын ерекше. Атқарар жүгі, көтерер салмағы да басым.

Батыс Еуропадан Қыр Шығысқа, Солтүстік мұзды мұхиттан Орта Азияға дейінгі аралықта орналасқан Еуразия жер кіндігі, өркениеттер ошағы, мәдениеттер тоғысқан мекен.

Бейбітшілік пен келісім - Еуразия кіндігінде орналасқан Қазақстанның әлемдік бренді. Астана – мәдениеттер мен діндердің тоғысатын жерұйығы. Бұл – Қазақстанды әлемге танытқан саясат.

Әлем қақтығыстар мен апаттардан, қатер мен дағдарыстан арылған жоқ. Жаһандық үндеулер адамзатты бейбіт өмірге, рухани келісімге шақыруда. Жаһандандудың әкелген қауіп-қатері әлемдік дағдарыстардың орын алуы, қайталануы. Әлем дағдарыстың шегіне жете қоймады. Дегенмен Қазақстан өз азаматтарына әлеуметтік кепілдік беретін әлеуметтік жаңғырту, еңбек қоғамын құратын жолды бағдарлады. Елбасы еуразиялық идеясын теория жүзінде емес, экономикалық, қаржылық, саяси, мәдени, ғылыми-білім беру салаларында пәрменді құрылымдарды жасай білді. Сондықтан да еуразиялық аймақ жаһандық дағдарыстың алдын алу үшін шешуші геосаяси орталыққа айналды.

Еуразиялық идеясы жаңа мәнге, жаңа мағынаға ие болды. Ол әлеуметтік өмірдің барлық саласында өзектілігін танытты. Еуразиялық ұғымы Еуропа мен Азияның мәдени диалогы идеясын, суперэтноикалық қауымды, идеялық-саяси қозғалыстардың үндесуін, еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттердің интеграциясын білдіреді.

Еуразиялық көпқырлы ұғымға айналды. Сондықтан Еуразияны мекендеген тұрғындардың мәдениеттері өзара қарым-қатынасы дамуының калоритті мозайкасын құрды. Еуразиялық идеялық-саяси қозғалыстардың эволюциясын танытты.

Осынау өркениетті қадамның түптөркіні неде? Өзегі қайда? Бұл адамдар арасындағы келісім мен сенімде. Түрлі тарихи кезенді, түрлі мәдениетті, түрлі дінді ұстанған ұлттар мен этностардың достығында, сенімді бірлігінде. Сондықтан еуразиялық идеясы уақыт өте қуаты артып, әлеуетті күшке айналады. Десек те бұл идея төңірегінде пікірталас таусылған емес. Қазақстанда еуразиялық идеясы ішкі және сыртқы саясатта да маңызды. Көпэтносты, көпдінді елде басты ұлт – қазақ ұлы. Қазақстанды құрап отырған ұлт - қазақ ұлтының мекені – Еуразия. Еуразиялық атамекен бір күнде құрылған доқ. Мындаған жылдар бойы еуразиялық тағдырлар тоғысқан, еуразиялық мәдени және рухани байланыстардың іргесі қаланды. Бұл – болашаққа апаратын жол, өркениетке қаланатын баспалдақ.

Қазақстан философтарының күн тәртібіне шығарып отырған мәселесі еуразиялық біртұтастықта ұлттық идея қалай құралмақ деген сұраққа жауап іздеу. Ол идея өзара ұштасқан, салтанат құрған. Қазақстанда еуразиялық идеясы ұлттық идеяның негізі. Ұлттық идея біз үшін әлеуметтік-саяси өлшемдердің бірлігі. Еуразиялық идея мемлекетаралық ынтымақтастық пен интеграцияны қамтамсыз етуге бағытталған. Ұлттық идея және еуразиялық идея этникалық тұрғыда емес, этносаралық тұрғыда қарастырылады. Біздегі ұлттық идея Қазақстан ұлттарының мемлекет құрушы ұлт – қазақ ұлтымен бірлесуі тұрғысынан қалыптасты. Бұл еуразиялық диалог алаңында барлық ұлттар қатыса алатын, құқықтары тең келетін мультимәдениетті стратагем [4].

Бүгінгі күнде жаһандық әлемнің қауіп-қатерлеріне, үндеулеріне тек бірлесе, бірігіп қарсы тұруға болады. Бізбен бірге кім көрші болды, кім тағдырлас болды солар сенімді серіктес болады. Еуразиялық идеясының мәні жаңа қырынан танылуда. Еуразиялық идеясы адамзаттың бірігуі, достасуының символы. Түрлі нәсілдер мен халықтар арасындағы достық қарым-қатынас жаһандық өркениетке жақындататын қадам.

Елбасы Қазақстанды Еуропа деп танытындар да, Азияның барысы деп санайтындар да, жаңатүріктік модель деп атайтындар да қателеспейді дейді. Біз өз тарихымыз, өз болашығымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз ешкімге ұқсамайды. Ол түрлі өркениеттердің жетістіктерін бойына сіңірген даму жолы.

Еуразиялық идеясы Еуразия халықтарының мындаған жылдар бойғы рухани-танымдық бірлігі мен мәдени-тарихи қарым-қатынасынан туған. Еуразиялық ынтымақтастық құндылықтардың, адамзат санасы мен психологиясының дағдарысынан туындаған жаһандық күйзелістер әлемінде үлкен сабақ.

Әлем таяуда тағы бір сілкінді. Араға 11 жыл салып 11 қыркүйектің салқыны әлемді дүрліктірді. Ислам әлемінің, мұсылман дінінің рухани құндылығын таптаған бейнероликті жария ету адамзат өркениетіне лақтырған тастай болды. Мұхаммед пайғамбар туралы түсірілген фильм әлем елдерінің мұсылман қауымына жарияланған ақпараттық-психологиялық соғыспен тең. «Мұхаммед, мұсылмандар пайғамбары» фильмі мен «Исламның күнәсіздігі» роликті ислам дінін ұстанғандарды масқаралайды. Дегенмен ғаламдық желі арқылы тез тарап кеткен бейнероликті Египет, Ливия елдерінде көрсетуге тыйым салынса да халық наразылығы артқаны мәдени құндылықтарға, діни

сенімдерге деген адамзаттың игі істеріне жағылған қара күйеге айналды. Үзәлі топ Бенгазида, Каирде наразылықтарын танытты. Әлем тағы бір толқуға, дінаралық қақтығысқа тап болды.

Ақпарат заманында сенсациялық жазбалар лап еткендей өрттей лезде та.ұ «рап үлгеретінін ескерсек, YouTube бейнехостингісі қожайыны Google компаниясы бұл роликтің египеттіктер мен ливиялықтарға қолжетімді болуына жол бермеуі – жауапты қадам. Дегенмен фильмді желіден біржола алып тастауға келіспеген компания бұл қадам өз саясаттарына қарама-қайшы келмейді деп мәлімдейді. Бұл сөз бостандығы мен пікір айту бостандығын қорғайтын компания саясаты деген Google-дықтардың ақталуын қалай түсінуге болады?

Ең жоғары сана – адамзат өмір сүрген әлем бүгінде өте әлсіз, қорғаныссыз. Ұлт араздығын, діни қақтығыстарды тудыратын кез-келген ақпараттық өнімнің бұқаралық медиа құралдары, ғаламдық желі арқылы таралуына шектеу қою – адамзат алдында тұрған басты міндет. Мәдени диалогтардың, өркениет ошақтарын құруға қаншалықты көп күш-жігер, төзім мен сенім, уақыт пен кеңістік қажет болса, осының барлығын, керісінше күйрете салу соншалықты оңай, тез әрі жылдам. Біртұтас әлемде осы міндетті ұмытпау маңызды. Әлемге танылған еуразиялық идеясы да, еуразиялық кеңістік платформасы да болашақта осы ұстанымдарға берік болуы тиіс.

1. Назаров В.К. Общациональная идея как фактор интеграции культурного пространства России: евразийская версия// Культурное пространство Восточной Сибири и Монголии: Материалы международной научно-практической конференции. - Улан-Удэ: Издательско-полиграфический комплекс ВСГАКИ, 2002. - 503 с. С.12-21
2. Лотман Ю.М. Семиосфера. — С.-Петербург: «Искусство—СПБ», 2000. — 704 с.
3. Құлсариева А.Т. «Қазақстандық даму үлгісінің философиялық-мәдениеттанымдық парадигмасы (Қазақ елі – Жерұйық)» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары есебі, 2012. – 22 б.
4. Нысанбаев А., Колчигин С., Соловьева Г. Евразийство в XXI веке. http://neonomad.kz/styleneonomad/moda/index.php?ELEMENT_ID=4949
5. <http://www.rosbalt.ru/main/2012/09/13/1033726.html>

Спанқұлова Л.С.,
э.ғ.д., доцент

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШАРТТАР ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ РЕПРОДУКТИВТІ ӘРЕКЕТІ

Экономикалық өсуді талдаудың әлемдік тәжірибесі бойынша, кез-келген елде демографиялық жағдайды бағалауға ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, экономикалық белсенді халықтың дамуының негізгі факторы ретінде туу деңгейінің өсу ерекшеліктеріне де көңіл бөлінуде. Туу деңгейінің төмендеуі-бұл тек қана баланың аздығы емес. Бұл- ұзақ мерзімді перспективада потенциалды тұтынушылардың санының кемуі, жұмысқаабілетті жастардың санының азаюы болып табылады. Туу деңгейінің түсуі әсерінен, тұрғын үйге деген сұраныс төмендейді. Сондай-ақ кәсіпкерлер қатарынан тәуекелге баратын адамдар саны азаяды. Себебі, қазіргі қоғамда адамдар экономикалық өнімділік дәрежесі бойынша бағаланады.

Экономика туу деңгейіне тікелей емес, көптеген каналдар арқылы жанама әсер етеді. Туу деңгейінің тарихи эволюциясы, қоғамның әлеуметтік- экономикалық дамуымен сипатталады.

Қазақстандағы халық санының өсу динамикасы 1897 жылы жүргізілген халық санағынан басталады. Сондықтан, Қазақстан халқының өсу үрдісін зерттеу XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында басталды деуге болады. Туу деңгейінің ең жоғары көрсеткіші 1959 жылы жүргізілген халық санағының нәтижесінен көрінеді. ҚССР-да әйел адам орта есеппен жеті бала туған, кейінгі жылдарда бұл көрсеткіш төмендеген. Туу деңгейінің жоғары болуы, индустрияның дамуымен, 1954-1956 жж тың және тыңайған жерлерді игерумен байланысты, 20-35 жас шамасындағы жастардың, оның ішінде ер адамдардың көптеп келуімен сипатталады.

Туу деңгейінің төмендеуі Ұлы Отан соғысы жылдарында және 1940 жылдың аяғында байқалады. Демографиялық дисбаланстың орын алуы соғыспен, қуғын-сүргінмен, әйелмен салыстырғанда ерлер арасында өмір сүру ұзақтығының төмен болуымен, өлімнің жоғары болуымен байланысты. Барлық индустриалды елдерде ерлердің, әйелдерге қарағанда өмір сүру ұзақтығы төмен. Бірақ, бірнеше өзгеше жайттар бар. Мысалы, 1970 жылы индустрия, ерлер өміріне кері әсерін тигізе қоймаған, Шри Ланка, Үндістан, Пәкістан, Кампучия, Жоғары Вольта сияқты үшінші әлем елдері анықталған.